



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.07.2026 жыл

№ 10, 5-т.

**2025 жылғы кәсіподақ мүшелерінің
қауіпсіз әрі салауатты еңбек
жағдайларына деген құқықтарын
қорғау жөніндегі жұмыс
қорытындылары туралы.**

Орталық комитет аппаратының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы А. Айтжановтың «2025 жылғы кәсіподақ мүшелерінің қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларына деген құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындылары туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті келесіні **атап өтеді:**

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының (бұдан әрі – Кәсіподақ) құрылымдары жұмыс істейтін оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 8 439 өндірістік кеңес құрылды. 2024 жылмен салыстырғанда олардың саны 130-ға артты. Кеңестердің барлығы дерлік кәсіподақ ұйымдарының бастамасымен құрылған.

Есепті 2025 жылы техникалық инспекторлардың сандық құрамы 8 548 адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 109-ға артық.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша 4 894 техникалық инспектор оқудан өтті, бұл жалпы санның шамамен 68%-ын құрайды.

Техникалық инспекторлар еңбек жағдайлары бойынша 5 037 тексеру жүргізді, оның ішінде өндірістік кеңестердің бастамасымен – 3 026, жұмыскерлердің бастамасымен – 323, өзге тексерулер – 1 688.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша 2 215 заңбұзушылық анықталды. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша 2 018 заңбұзушылық жойылды.

Жыл қорытындысы тексерулердің жиілігі әлі де төмен екенін көрсетті. Мәселен, 2025 жылы 8 548 техникалық инспекторға 5 037 тексеруден келген, бұл анық жеткіліксіз.

Өндірістік жарақаттану көрсеткіштері:

- Жазатайым оқиғалар нәтижесінде зардап шеккендер – 25 жұмыскер;
- жеңіл дәрежедегі жарақат алғандар – 12 жұмыскер;
- ауыр дәрежедегі жарақат алғандар – 11 жұмыскер;
- өліммен аяқталған жағдайлар – 2.

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы ауыр дәрежедегі жарақат алғандар саны 12 жұмыскерге азайды, ал жеңіл дәрежедегі жарақат алғандар саны 2024 жылмен салыстырғанда 7 жұмыскерге артты. Жазатайым оқиғалар нәтижесінде өліммен аяқталған жағдайлар саны нөлдік көрсеткіштен 2-ге дейін өсті.

Есепті кезеңде мүшелік ұйымдар тарапынан еңбекті қорғау мәселелері бойынша 362 оқыту семинары өткізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 182-ге аз.

«Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» республикалық байқауының қорытындысы бойынша 2025 жылы Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Абай, Ұлытау облыстарының және Алматы қаласының мүшелік ұйымдары жүлделі орындарға ие болды.

Кәсіподақ Кәсіподақтар федерациясы өткізетін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық байқауларға белсенді қатысып, оларда жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Қауіпсіз әрі қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз етуде бастауыш ұйымдардың белсенділік деңгейі және әрбір кәсіподақ мүшесінің жеке қатысуы артты.

Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орталық комитет аппаратының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы А.М. Айтжановтың «2025 жылғы кәсіподақ мүшелерінің қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларына деген құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындылары туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқарушы органдарына:

2.1. «Өзгерістер дәуіріндегі әділ еңбек: қорғау, дамыту, инновациялар» атты Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының 2025-2030 жылдарға арналған қызмет Стратегиясын іске асыру жөніндегі негізгі іс-шаралардың, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының 2024-2029 жылдарға арналған қызмет Бағдарламасының, Кәсіподақтың басқарушы органдарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қаулыларының мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілсін.

2.2. Кәсіподақтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларын жоспарлы түрде оқыту ұйымдастырылсын. Еңбек ұжымдарында еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуына кәсіподақ бақылауын ұйымдастыру бойынша техникалық инспекторлардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін арттыруға ықпал етілсін.

2.3. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарына қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыруда тәжірибелік көмек көрсетілсін.

2.4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес мүшелері мен техникалық инспекторлардың жұмысын ұйымдастыру және оларды оқыту үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект тиімдірек пайдаланылсын.

2.5. Өндірістік жарақаттануды азайту мақсатында әлеуметтік әріптестермен, мемлекеттік еңбек инспекциясының аумақтық органдарымен өзара іс-қимыл күшейтілсін. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру мен есепке алуға, сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметкерлерінің микрожарақат алуына әкелген оқиғалардың себептері мен мән-жайларын есепке алу мен қарауға тұрақты кәсіподақ бақылауы жүргізілсін.

2.6. Кәсіподақтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларына заңнамада, барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерде, ұжымдық шарттарда көзделген жағдайларды жасауға және қызмет кепілдіктерін беруге ықпал етілсін. Олардың қызметін ынталандырудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдана отырып, техникалық инспекторлардың мәртебесін нығайтуға жағдай жасалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөліміне жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева